



XҒТАР 37.23.17

<https://doi.org/10.32523/2616-6836-2025-151-2-115-135>

Шолу мақаласы

PM-2.5 аэрозольдеріндегі бериллий -7 (^7Be) атмосфералық белсенділігі: қолданылуы, тенденциялары және экологиялық перспективалары

А.О. Мухаметжанова¹, К.Ш. Жумадилов^{*1}, А.А. Баграмова¹, Ж.А. Байгазинов²,
Ж.О. Насилов¹, М.Т. Касымжанов¹, А.И. Иванников³, В.Ф. Степаненко³, М. Хоши⁴

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Ядролық физика, жаңа материалдар және технологиялар халықаралық кафедрасы, Астана, Қазақстан

²"Ядролық технологиялар паркі" АҚ Қазақстан Республикасы, Курчатов қаласы, Абай облысы

³Ресей Федерациясының Денсаулық сақтау Министрлігінің «ФМЗО» Федералдық Мемлекеттік бюджеттік мекемесінің филиалы А.Ф. Цыба атындағы МРФО, Обнинск қаласы, Ресей Федерациясы

⁴Хиросима университеті, Хиросима, Жапония

(E-mail: zhumadilovk@gmail.com)

Аңдатпа. Мақалада PM2.5 аэрозоль бөлшектеріндегі космогендік бериллий-7 (^7Be) радионуклидінің атмосфералық белсенділігі туралы соңғы зерттеулердің егжей-тегжейлі талдауы келтірілген. Атмосфераның жоғары қабаттарында ғарыштық сәулелердің өзара әрекеттесуі нәтижесінде пайда болған ^7Be аэрозольдер мен онымен байланысты ластаушы заттардың тасымалдануы мен трансформациясын бақылау және тропосфера мен стратосфера арасындағы алмасу механизмдерін зерттеу үшін пайдаланылуы мүмкін сезімтал және бірегей трассер болып табылады. Шолу мақала ^7Be физикалық және химиялық қасиеттерін қарастырады, оны анықтаудың күрделі аналитикалық әдістерін, соның ішінде гамма-спектрометрияны сипаттайды және оның ауа-райына және PM2.5 негізгі көздеріне байланысты маусымдық және аймақтық ауытқуларын қарастырады. Шолу ауа сапасын бағалау, тәуекелдерді басқару және келісілген халықаралық атмосфераны бақылау және ластануды азайту стратегияларын әзірлеу үшін ^7Be пайдаланудың ғылыми және практикалық маңыздылығын көрсетеді. ^7Be -ді аэрозольдердің трансшекаралық тасымалын сандық анықтау және ұсақ бөлшектердің ластануының қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына әсерін, бағалау құралы ретінде пайдалануға ерекше назар аударылады. Мақалада сонымен қатар атмосфералық бақылау желісі мен модельдеу жүйесіндегі ^7Be деректерінің интеграциясы талқыланады, соңғы жетістіктермен қатар қазіргі проблемалар баса айтылады.

Түйін сөздер: бериллий-7 (^7Be); аэрозольдер; PM2.5; атмосфералық мониторинг; экологиялық бағалау; радиоизотоптық индикаторлар; ластану тенденциялары.

Жіберілді 20.05.2025. Өзгертілді 02.06.2025. Қабылданды 02.06.2025. Онлайн қол жетімді 25.06.2025

¹ *хат-хабар авторы

Кіріспе

Атмосфералық ауаның ластануы адам денсаулығы мен климаттық жүйелерге тікелей әсер ететін жаһандық экологиялық проблемалардың бірі болып қала береді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) мәліметтері бойынша, жер халқының 99%-ы PM_{2.5} тоқтатылған бөлшектерінің концентрациясы қауіпсіз деңгейден (5 мкг/м³) асатын жерлерде тұрады және жыл сайын ауаның ластануынан шамамен 7 миллион адам қайтыс болады [1]. Орталық Азиядағы жағдай ерекше алаңдатады: Душанбе, Ташкент және Бішкек қалалары өнеркәсіптік шығарындылармен, қатты отынды пайдаланумен және аэрозольдердің трансшекаралық тасымалымен байланысты PM_{2.5} деңгейі бойынша әлемдегі ең ластанған 30 астананың қатарына үнемі кіреді [2]. Атмосфералық процестерді бақылау контекстінде бериллий-7 (⁷Be) сияқты радионуклидтер шешуші рөл атқарады. ⁷Be аэрозоль бөлшектерінің бетіне адсорбцияланады, бұл оны PM_{2.5} динамикасын зерттеу үшін тамаша көрсеткіш етеді-өкпе альвеолалары мен қан ағымына ену қабілетіне байланысты денсаулыққа ең үлкен қауіп төндіретін фракция [1].

Бұл мақалада төменде көрсетілген тапсырмаларға бойынша шолу жасалынады:
маусымдық және географиялық вариация контекстіндегі ⁷Be механизмдерін талдау;
PM_{2.5}-те ⁷Be анықтау әдістеріне шолу (гамма-спектрометрия, радиохимиялық талдау);
⁷Be концентрациясы, метеорологиялық факторлар және аэрозоль көздері арасындағы байланысты анықтау;

ластанудың трансшекаралық тасымалын болжаудағы және тәуекелдерді азайту стратегияларын әзірлеудегі ⁷Be рөлін бағалау.

Әдеби шолу. ⁷Be-нің физика-химиялық қасиеттері және оны анықтау әдістері

Бериллий-7 (⁷Be) – жартылай ыдырау кезеңі шамамен 53,3 күн болатын радиоактивті бериллий изотопы, ол атмосфераның жоғарғы қабаттарында ғарыштық сәулелердің азот, оттегі және көміртек ядроларымен өзара әрекеттесуі нәтижесінде түзіледі [3]. Оның түзілуінің негізгі механизмі – ғарыш текті жоғарыэнергиялық протондар мен нейтрондар атмосфера атомдарынан нуклондарды шығарып, ⁷Be элементін түзеді. ⁷Be-дің атмосферадағы концентрациясы геомагниттік ендікке, күн белсенділігіне және биіктікке байланысты, ал ең жоғары мәнге орта ендіктер мен тропосфераның жоғарғы қабаттарында жетеді [3]. Қысқа жартылай ыдырау кезеңі мен антропогендік көздердің болмауына байланысты ⁷Be – атмосфералық процестер мен аэрозоль тасымалын зерттеуге арналған бірегей табиғи маркер.

⁷Be-нің физика-химиялық қасиеттері оның атмосфералық аэрозольдердің бетіне адсорбциялануымен тығыз байланысты және негізінен PM_{2.5} фракциясында байқалады. Стратосферада түзілген ⁷Be диаметрі 2,5 мкм-ден кіші майда дисперсті бөлшектермен тез байланысады, бұл оның аэрозольдермен бірге тасымалдануын қамтамасыз етеді және атмосферадағы ластану динамикасы мен тік алмасуды зерттеуге мүмкіндік береді [4]. Сонымен қатар, ⁷Be жоғары химиялық тұрақтылыққа ие, ауадағы басқа компоненттермен белсенді реакцияларға түспейді, бұл оның бөлшектер құрамында шөгуге дейін сақталуын қамтамасыз етеді. Бериллий-7 (⁷Be) – атмосферадағы мөлшері антропогендік факторларға іс жүзінде тәуелсіз сирек радионуклидтердің бірі, бұл оны бірегей табиғи

индикаторға айналдырады [5]. UNSCEAR (United Nations Scientific Committee on the Effects of Atomic Radiation) (2000) деректеріне сәйкес, ^7Be түзілуінің жаһандық орташа деңгейі шамамен $810 \text{ атом}/\text{м}^2/\text{с}$, ал оның тропосферадағы орташа концентрациясы – $12,5 \text{ мБк}/\text{м}^3$ [5]. Оңтүстік Федералды Университеті мен Харьков физика-техникалық институтының зерттеулері фотоядерлік реакциялардың жалпы ^7Be балансына қосқан үлесі скалывание реакцияларымен салыстырғанда аса маңызды емес екенін көрсеткен, бірақ бұл механизмді толығымен жоққа шығаруға болмайды [6]. ^7Be түзілу жылдамдығы биіктікке ғана емес, ендікке де, сондай-ақ Жердің магнит өрісі арқылы ғарыштық сәулелер ағынын модуляциялайтын 11 жылдық күн циклінің фазасына байланысты өзгеріп отырады [5]. Осылайша, ^7Be – қысқа жартылай ыдырау кезеңі бар (53,3 күн) космогендік радионуклид, бұл оның белсенділігін және атмосфералық процестерге жоғары сезімталдығын қамтамасыз етеді. Оның түзілуі орта және жоғары ендіктер үшін жақсы зерттелген, бірақ Орталық Азия мен басқа континенттік аймақтар үшін нақты бағалаулар өте сирек кездеседі, бұл халықаралық зерттеулерде елеулі олқылық бар екенін көрсетеді.

Аэрозольдердегі ^7Be белсенділігін анықтау

^7Be белсенділігін аэрозольдерде анықтау негізінен гамма-спектрометрия әдісімен жүзеге асырылады, ол ^7Be ыдырауы кезінде шығарылатын $477,6 \text{ кэВ}$ энергияға тән гамма-сәулеленуді тіркеуге негізделген [4]. Талдау үшін NaI(Tl) негізіндегі сцинтилляциялық детекторлар және жоғары ажыратымдылықты жартылай өткізгіш HPGe (High-Purity Germanium) детекторлары қолданылады, себебі олар пикаралық ерекшелік пен дәлдігі және жоғары сезімталдықты қамтамасыз етеді. Үлгілерді дайындау – аэрозольдерді сүзгілерге жинау, кейіннен кептіру және белсенділіктің жоғалуын азайту үшін герметизациялауды қамтиды. ^7Be -ні бөліп алу үшін радиохимиялық әдістер сирек қолданылады, өйткені олар күрделі және көп еңбек сіңіруді талап етеді, дегенмен төмен концентрацияларда қосымша дәлдік береді [4]. Қазіргі заманғы гамма-спектрометрия әдістері ^7Be -ні үнемі бақылауға мүмкіндік береді және нәтижелердің зертханалар арасындағы жоғары қайталанғыштығы мен салыстырмалылығын қамтамасыз етеді.


^7Be мен аэрозольдердің, әсіресе $\text{PM}_{2.5}$ байланысы

Түзілгеннен кейін ^7Be субмикрондық аэрозоль бөлшектеріне, негізінен $0,07\text{--}2 \text{ мкм}$ диапазонында, тез адсорбцияланады, бұл аэрозольдердің «аккумуляциялық» (accumulation) модуліне сәйкес келеді [5]. Бұл $\text{PM}_{2.5}$ фракциясы үшін өте маңызды, себебі бұл фракция диаметрі $2,5 \text{ мкм}$ -ден кіші бөлшектерді қамтиды және адамның тыныс алу жолдарына терең ену қабілетімен ерекшеленеді [7]. Әдебиет деректерінде ^7Be сорбцияланатын бөлшектердің аэродинамикалық диаметрі $0,33\text{--}1,15 \text{ мкм}$ -ге дейін ауытқитыны көрсетілген, бұл $\text{PM}_{2.5}$ диапазонын толығымен қамтиды [5]. Bondietti және авторластарының (1984, 1987) зерттеулері ^7Be аэрозольдер бетіне түзілуінен кейін бірден конденсацияланатынын, содан соң бөлшектердің коагуляциясы мен өсу процестеріне қатысатынын, бұл оның кейінгі таралуына және атмосферадан құрғақ немесе ылғалды тұндыру арқылы шығарылуына әсер ететінін көрсетті. Маңызды аспект – ^7Be басқа табиғи радионуклидтер (^{22}Na , ^{210}Pb) сияқты аэрозольдердің атмосферадағы өмір сүру уақытына, тұну жылдамдығына және өсімдіктермен сіңірілу тиімділігіне баға беру үшін

маркер ретінде қолданылуы мүмкін [5]. Алайда ^{7}Be -нің $\text{PM}_{2.5}$ ішіндегі таралуына арналған зерттеулердің көпшілігі Еуропа, Солтүстік Америка және Шығыс Азияда жүргізілген. Орталық Азия үшін, $\text{PM}_{2.5}$ ластану деңгейі жоғары болғанымен, мұндай жұмыстар өте аз, бұл аймақтық ерекшеліктерді жаһандық үрдістермен салыстыруды қиындатады.

Географиялық және маусымдық өзгергіштік

^{7}Be концентрациясы атмосферада географиялық және маусымдық айқын өзгергіштікке ие, бұл жаһандық (күн циклі, ендік, биіктік) және жергілікті (метеорологиялық жағдайлар, жауын-шашын) факторларға байланысты [8]. Еуропада (Бильбао, Испания) жүргізілген зерттеулерде ^{7}Be ең жоғары мәндері қаңтардан қыркүйекке дейін, ақпанда шарықтау шегімен және шілде–тамызда екінші максимуммен байқалатыны, ал ең төмен мәндер қарқынды жауын-шашын кезінде (қараша–желтоқсан) тіркелетіні көрсетілген. Бұл график түрінде де көрсетілген (1-сурет) [8]. ^{7}Be белсенділігі мен күн дақтарының саны арасындағы күшті теріс корреляция ($r = -0,93$) радионуклид генерациясына күн циклінің әсерін дәлелдейді.



Сурет 1. Балбоадағы орташа айлық концентрация ^{7}Be және орташа айлық жауын шашын

Ескерту: деректер негізінде жасалған [8]

Feely және авторлар (1989) анықтағандай, ^{7}Be радионуклидінің жер бетіне жақын ауадағы маусымдық ауытқулары кем дегенде төрт фактормен түсіндіріледі [8]:

Қыс мезгілінің соңында және көктемде стратосфералық ауаның тропосфераға тасымалдану жылдамдығының артуы;

Жылы кезеңде тропосфера тұрақтылығының төмендеуі, бұл тік алмасуға ықпал етеді;

Әсіресе жоғары ендіктерде ауа массаларының траекторияларының өзгеруі;

Аэрозольдердің шайылу жылдамдығын анықтайтын жауын-шашынның маусымдық тербелістері [8].

Солтүстік жартышарда ^7Be радионуклиді концентрациясының максимумдары көбінесе көктемде және жазда, ал минимумдары – күзде және қыста тіркеледі [9]. Оңтүстік жартышарда маусымдық шектер керісінше фазамен сипатталады. Орталық Азия үшін климаттың жоғары континенттілігіне қарамастан, мұндай заңдылықтар әзірге фрагментті түрде ғана сипатталған, бұл ұзақмерзімді мониторингтік зерттеулерді жүргізуді қажет етеді [10][8].

^7Be радионуклидин атмосфералық тасымалдау индикаторы ретінде пайдалану

^7Be табиғи трассер ретінде аэрозольдердің тасымалдану үдерістерін, стратосфера мен тропосфера арасындағы алмасуды зерттеуде, сондай-ақ бөлшектердің атмосферадағы өмір сүру уақытын бағалауда кеңінен қолданылады [11]. Оның табиғи шығу тегі және антропогендік көздердің болмауы фондық ағындарды жергілікті ластанулардан ажыратуға мүмкіндік береді. Martell (1970) және Young & Silker (1980) алғашқылардың бірі болып ^7Be аэрозольдердің тропосферада болу уақытына, тұну жылдамдығына және көлденең әрі тік тасымал ауқымдарына баға беруде қолдануға болатынын көрсетті. Қазіргі зерттеулерде ^7Be атмосфералық тасымалдау модельдерімен (мысалы, HYSPLIT (Hybrid Single-Particle Lagrangian Integrated Trajectory model), FLEXPART (FLEXible PARTicle dispersion model)) және спутниктік деректермен бірге трансшекаралық PM2.5 ағындарын бақылау, климаттық модельдерді верификациялау және ауаны ластау деңгейін төмендету шараларының тиімділігін бағалау мақсатында пайдаланылады [12][13].

Соңғы жылдары ^7Be деректерін басқа радионуклидтермен (^{210}Pb , ^{137}Cs) және химиялық маркерлермен біріктіру арқылы аэрозоль көздері мен тасымал жолдарын неғұрлым дәл сәйкестендіруге ерекше назар аударылуда. Мысалы, AERONET және EMEP мәліметтері негізінде жүргізілген зерттеулерде ^7Be және PM2.5 біріктірілген талдауы Сахарадан шаңның алысқа тасымалдану эпизодтарын, Сібірдегі өрттерді және Еуропа мен Шығыс Азиядағы трансшекаралық ластануды анықтауға мүмкіндік беретіні көрсетілген. Алайда, Орталық Азияда Арал мен шөлдер сияқты ірі шаң көздерінің болуына қарамастан, ^7Be қолданып аэрозольдердің трассировкасын жүргізетін зерттеулер жоқтың қасы. Бұл PM2.5-тің аймақтық деңгейіне трансшекаралық тасымалдың үлесін бағалау мүмкіндігін шектейді және ауа сапасын басқарудың тиімді стратегияларын әзірлеуді қиындатады [10][8].

Аэрозольдердегі ^7Be -ні бақылау мен талдаудың заманауи әдістері

Соңғы жылдары ^7Be деректерін спутниктік мониторинг нәтижелерімен (MODIS (Moderate Resolution Imaging Spectroradiometer), CALIPSO (Cloud-Aerosol Lidar and Infrared Pathfinder Satellite Observation)) және атмосфералық үдерістерді сандық модельдеумен біріктіру әдістері белсенді дамып келеді. Бұл аэрозольдердің кең ауқымды тасымалдану эпизодтарын бақылауға, ластанудың өршуін болжауға және PM2.5 деңгейін төмендетуге бағытталған табиғи және антропогендік шаралардың тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді [8]. Соған қарамастан, Орталық Азияны қоса алғанда, кейбір аймақтарда ^7Be мониторингінің дамыған желісі жоқ, бұл кешенді талдау жүргізу және халықаралық деректермен салыстыру мүмкіндіктерін едәуір шектейді. PM2.5 аэрозольдеріндегі ^7Be бойынша халықаралық зерттеулер аэрозольдердің түзілу, тасымалдану және тұну үдерістерін түсінуге, сондай-ақ атмосфералық мониторинг әдістерін дамытуға айтарлықтай үлес қосты. Әсіресе Еуропа, Солтүстік Америка және Шығыс Азия аймақтары

жақсызерттелген, онда ұзақ мерзімді бақылау қатарлары, дамыған станциялар желісі және модельдер мен спутниктік деректермен интеграция бар [10]. Шетелдік зерттеулердің күшті жақтарына мыналарды жатқызуға болады: ^{7}Be концентрацияларына әсер ететін факторларды кешенді талдау [8]; заманауи трассировка және модельдеу әдістерін пайдалану; ^{7}Be деректерін химиялық және радионуклидтік маркерлермен біріктіру [10]. Алайда шешілмеген мәселелер де бар: климаттық жағдайлары шекті аймақтардың (Орталық Азия, Таяу Шығыс, Африка) жеткіліксіз зерттелуі; климаттық трендтермен салыстыру үшін ұзақ мерзімді қатарлардың тапшылығы; PM2.5 жергілікті көздерінің ^{7}Be динамикасына әсеріне арналған зерттеулердің жетіспеушілігі. Жалпы алғанда, болашақ зерттеулерді дамыту үшін ^{7}Be мониторингінің географиясын кеңейту, оны басқа маркерлер мен модельдермен интеграциялау, сондай-ақ климаттық және антропогендік факторлардың радионуклидтің атмосферадағы таралуына әсерін тереңірек талдау қажет [9].

Зерттеу әдістемесі

Сүзу әдістері және сүзгі түрлері

PM2.5 аэрозольдерін іріктеу үшін әлемдік практикада автоматтандырылған және жартылай автоматтандырылған қондырғыларды пайдалана отырып сүзу әдістері кеңінен қолданылады. Негізгі принцип – диаметрі 2,5 мкм-ден кем бөлшектерді ұстап қалатын тесіктері бар сүзгілер арқылы ауаны өткізу [14][15]. Сүзгілердің ең кең таралған материалдарына мыналар жатады: *шыны талшықты сүзгілер* (мысалы, ФПП-15) – жоғары жинақтау тиімділігімен және төмен фондық белсенділігімен ерекшеленеді [16] [17]; *политетрафторэтилен* (PTFE) сүзгілері – гидрофобты, химиялық әсерлерге төзімді, бұл гравиметриялық талдау кезіндегі қателіктерді барынша азайтады (2-суретте жақсы көрсетілген) [18][19]; *кварц сүзгілері* – термиялық төзімді, органикалық көміртекті талдау үшін қолданылады [18][19].



Сурет 2. Сүзгілерді пайдалану әдісі

Ескерту: деректер негізінде құрастырылған [18]

PTFE және кварц сүзгілерін салыстыру нәтижесінде PM2.5-тің орташа концентрациясы PTFE-де 52,9%-ға төмен екені анықталды, бұл олардың гидрофобты қасиеттерімен түсіндіріледі, себебі бұл ылғалдылықтың әсерін азайтады [18].

Автоматтандырылған сынама алу станциялары

AirPhoton Automated Filter Sampling Station және Partisol® Plus 2025 сияқты автоматтандырылған жүйелер электронды басқару, сорғылар және ауа ағынын бақылау жүйелерімен (16,67 л/мин) жабдықталған, бұл сынама алуды стандарттауға мүмкіндік береді [14][17]. Бұл станциялар PM2.5 массалық концентрациясына гравиметриялық талдау жүргізу үшін үздіксіз 24-48 сағаттық сынама алуға мүмкіндік береді [17]. Артықшылықтары: адами фактордың әсерін азайту; сынама алу жағдайларын тұрақтандыру үшін температураны реттегіштермен біріктіру мүмкіндігі [17]. Еуропа мен АҚШ-та мұндай жүйелер EN 12341:2014 директивасы және Federal Reference Method (FRM) талаптарына сәйкес мониторингтің негізін құрайды [20].

Шектеулі ресурстары бар аймақтардағы қолмен басқарылатын әдістер

Жоғары технологиялық жабдықтарға қолжетімділігі шектеулі аймақтарда (мысалы, Қазақстан) қолмен басқарылатын мобильді қондырғылар қолданылады. Олар стандартты шыны талшықты сүзгілер мен вакуумды сорғыларды пайдаланады, бұл төмен шығынмен жеткілікті дәлдікті қамтамасыз етеді [16]. Мысалы: төмен көлемді LV сэмплерлер (Low Volume samplers) – 2–4 сағат бойы сынама алып, кейін зертханада өлшеу [18]; EPA (Environmental Protection Agency (АҚШ)) және ДДҰ (ВОЗ (Всемирная организация здравоохранения)) нұсқаулықтарына сәйкес келетін жеңілдетілген хаттамалар [20]. Қолмен басқарылатын әдістердің кемшіліктері: еңбек сыйымдылығы жоғары; тасымалдау кезінде сүзгілердің контаминация қаупі бар [16].

Әдіс таңдау бойынша ұсыныстар

Дәл әрі ұзақ мерзімді мониторинг үшін автоматтандырылған жүйелер (PTFE-сүзгілер + гравиметрия) тиімді [14].

Бюджеті шектеулі аймақтарда шыны талшықты сүзгілері бар қолмен басқарылатын LV-сэмплерлер қолайлы [18].

PM2.5-тің органикалық компоненттерін талдау үшін кварц сүзгілері оңтайлы [20].

PM2.5-ті іріктеу әдістері техникалық мүмкіндіктер мен зерттеу мақсаттарына байланысты өзгереді. Автоматтандырылған жүйелердің дамуы және хаттамалардың стандартталуы (EN 12341(European Norm 12341:2014), FRM) мәліметтердің дәлдігін арттырады, алайда дамушы елдерде қолмен басқарылатын әдістер өзектілігін сақтап отыр [17][20].

⁷Be анықтау әдістері

Талдаудың негізгі кезеңдері:

- Сынамаларды дайындау: аэрозольдер жиналған сүзгілерді кептіріп, белсенділіктің жоғалуын барынша азайту үшін герметикалық орау.
- Гамма-спектрлерді өлшеу: NaI(Tl) кристалдарына негізделген сцинтилляциялық детекторларды немесе жоғары энергия ажыратымдылығын қамтамасыз ететін HPGe (германиевые) жартылай өткізгіш детекторларды қолдану.
- Спектрометрлерді стандартты көздермен калибрлеу.

– Мәліметтерді өңдеу: мамандандырылған бағдарламаларда (мысалы, RAD (Radiological Assistance Software) Assist) пиковая энергияларды анықтап, ${}^7\text{Be}$ белсенділігін Бк/м³ бірлігінде есептеу.

Кейбір зерттеулерде ${}^7\text{Be}$ -ні сынамалардан бөліп алу үшін радиохимиялық әдістер де қолданылады, алайда олар еңбек шығыны жоғары болғандықтан, күнделікті мониторингте сирек пайдаланылады. Осыған байланысты 1 – кестеде PM2.5-те ${}^7\text{Be}$ қасиеттеріне байланысты салыстырмалы ақпарат көрсетілген.

1-кесте: PM2.5-те ${}^7\text{Be}$ іріктеу мен талдаудың негізгі әдістерін салыстыру

Әдіс	Сипаттау	Артықшылықтары	Шектеулер	Қазақстан үшін қолдану мүмкіндігі
Шыны Талшықты сүзгілерде сүзу	AFP-15 сүзгілері мен аналогтары арқылы аэрозольдерді таңдау	PM2.5 жинаудың қарапайымдылығы, қол жетімділігі, жоғары тиімділігі	Ұзақ жинау қажет, белсенділіктің жоғалуы мүмкін	Жоғары, көптеген зертханаларда бар
Автоматтандырылған станциялар	Ауа ағынын бақылайтын электр желдеткіші	Стандарттау, ұзақ үздіксіз жинау	Жоғары құны, техникалық қызмет көрсету қажеттілігі	Орташа, инвестицияны қажет етеді
Гамма-спектрометриясы NaI(Tl)	662 кэВ кезінде ~7-8% ажыратымдылығы бар сцинтилляциялық детекторлар	Қол жетімділік, жылдам талдау	Төмен ажыратымдылық, ықтимал кедергілер	Жоғары, жиі қолданылады
Гамма-спектрометриясы HPGe	Жоғары ажыратымдылықтағы жартылай өткізгіш детекторлар (~1-2 кэВ)	Жоғары дәлдік, шыңдарды бөлектеу	Құны, салқындату қажеттілігі	Шектеулі, мамандандырылған зертханаларды қажет етеді
Радиохимиялық талдау	Сынамалардан ${}^7\text{Be}$ химиялық оқшаулау	Жоғары сезімталдық, дәлдік	Талдаудың күрделілігі, ұзақтығы	Төмен, сирек қолданылады
Тасымалдау модельдері (HYSPLIT, FLEXPART)	Аэрозоль және ${}^7\text{Be}$ траекторияларын сандық модельдеу	Көлікті талдау, болжау	Метеодеректер мен есептеу ресурстарын қажет етеді	Мамандардың қатысуымен жоғары

Аэрозольдер мен ${}^7\text{Be}$ тасымалдау модельдерін қолдану

${}^7\text{Be}$ және PM2.5 динамикасын және көздерін талдау үшін көптеген елдерде атмосфералық тасымалдаудың сандық модельдері қолданылады, мысалы, HYSPLIT (Hybrid Single Particle Lagrangian Integrated Trajectory) және FLEXPART. Бұл модельдер ауа

массаларының траекторияларын қалпына келтіруге, әртүрлі аймақтардың аэрозоль концентрацияларына қосқан үлесін бағалауға және ластану эпизодтарын болжауға мүмкіндік береді. ^7Be өлшеулерімен біріктірілген модельдерді пайдалану аэрозольдердің көздері мен тасымалдау жолдарын анықтау дәлдігін арттырады, бұл әсіресе Орталық Азия сияқты трансшекаралық ластануға ұшыраған аймақтар үшін маңызды.

Статистикалық өңдеу және деректерді талдау

Нәтижелерді өңдеу мыналарды қамтиды: ^7Be , PM2.5 концентрациялары мен метеорологиялық параметрлер (температура, ылғалдылық, жел жылдамдығы) арасындағы корреляциялық талдау; маусымдық және жылдық трендтік талдау – заңдылықтарды анықтау үшін; ластану көздерін бөлу үшін факторлық талдау және кластерлеу әдістерін қолдану; нәтижелерді халықаралық ауа сапасы стандарттарымен (ДДҰ (ВОЗ), ЕЕА) салыстыру.


Қазіргі әдістердің жаңалығы мен дәлдігі

Аэрозольдердегі ^7Be -ні іріктеу және талдаудың қазіргі әдістері жоғары дәлдік пен сезімталдықпен ерекшеленеді, бұл детекторларды (HPGe) және атмосфералық үдерістерді модельдеуді қолдану арқылы жүзеге асады. Сынамаларды іріктеудің автоматтандырылуы және спектрлердің цифрлық өңделуі нақты уақыт режимінде деректер алуға мүмкіндік береді, бұл мониторинг пен болжау мүмкіндіктерін едәуір кеңейтеді. Атап айтқанда, Қазақстанда келесі біріктірілген әдістерді енгізу перспективалы болып табылады: қолжетімді фильтрациялық қондырғыларды пайдалану және кейіннен NaI(Tl) гамма-спектрометрлерінде талдау жүргізу, сондай-ақ HPGe-детекторларымен зертханаларды біртіндеп дамыту. HYSPLIT модельдерімен бірлесіп қолдану PM2.5 және ^7Be көздері мен тасымалын бағалау сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Осылайша, PM2.5 құрамындағы ^7Be -ні зерттеуге арналған әдістемелік құралдар сынама алудың тексерілген және заманауи технологияларын, жоғары дәлдіктегі гамма-спектрометриялық талдауды және сандық модельдеуді қамтиды, бұл ^7Be -нің атмосфералық белсенділігін және оның экологиялық салдарын кешенді зерттеуге мүмкіндік береді.

Нәтижелер және пікірталас

Әр түрлі аймақтардағы PM2.5 құрамындағы ^7Be мазмұнының кеңістіктік және уақыттық тенденциялары PM2.5 аэрозольдеріндегі бериллий-7 (^7Be) концентрацияларын талдау айтарлықтай аймақтық және маусымдық өзгерістер бар екенін көрсетеді. Бұл өзгерістер жаһандық атмосфералық үдерістермен де, жергілікті ластану көздерімен де байланысты. Солтүстік Америкада, Еуропада және Азияда жүргізілген бірқатар зерттеулерде атмосфералық аэрозольдердегі ^7Be концентрациясы орта есеппен 3-тен 7 мБк/м³ аралығында өзгередіні анықталған. Мысалы, Детройт (АҚШ) және Уэльва (Испания) қалалары бойынша деректер шамамен 4,8-4,9 мБк/м³ деңгейінде, бұл Португалия мен Үндістандағы нәтижелермен салыстырылады, онда концентрациялар 4,0-6,9 мБк/м³ аралығында. Орталық Азияда, соның ішінде Қазақстанда, PM2.5 құрамындағы ^7Be тікелей өлшемдері әлі жеткіліксіз. Мысал ретінде Алматы қаласының атмосфералық ауасының ластануын бақылаудың стационарлық желісінің орналасу схемасы 3-суретте анық көрсетілген. Алайда PM2.5 концентрациясы бойынша мәліметтер ластанудың

жоғары деңгейін көрсетеді – Қазақстандағы $PM_{2.5}$ -тің жылдық орташа концентрациясы шамамен $22,2 \text{ мкг/м}^3$, бұл ДДҰ (ВОЗ) ұсынған нормадан 4 есе артық. Бұл $PM_{2.5}$ аэрозольдеріндегі ^{70}Se мазмұнының маусымдық және метеорологиялық жағдайларға, сондай-ақ трансшекаралық тасымал мен жергілікті шаң мен ластаушы көздердің әсеріне байланысты едәуір өзгеруі мүмкін екенін көрсетеді [21][22].



Сурет 3. Алматы қаласының атмосфералық ауасының ластануын бақылаудың стационарлық желісінің орналасу схемасы

Ескерту: деректер негізінде құрастырылған [21]

^7Be концентрациясының маусымдық трендтері және ауа циркуляциясымен байланысы

PM2.5 аэрозольдеріндегі ^7Be концентрациясының маусымдық динамикасы көктем мен жаз мезгілдерінде айқын максимумдармен сипатталады, бұл әртүрлі аймақтардағы мәліметтермен расталады. Мысалы, Севастопольде ^7Be концентрациясының маусымдық орташа мәні атмосфералық жауын-шашын мен аэрозольдерде көктем-жаз мезгілінде ең жоғары деңгейге жетсе, күз-қыс мезгілінде минимумға дейін төмендейді. Осындай маусымдық заңдылықтар Еуропада да байқалады, мұнда көктемгі шыңдар стратосфералық ауаның тропосфераға қарай күшейтілген тасымалымен және тік ауысу үдерісінің артуымен байланысты. Бұл деректер ^7Be концентрацияларының маусымдық ауытқулары ауа массаларының циркуляциясы мен метеорологиялық жағдайлармен тығыз байланысты деген гипотезаны растайды. Атап айтқанда, көктем мен жаз мезгілінде тік ауа алмасуының қарқындылығы ^7Be -нің атмосфераның жоғарғы қабаттарынан жер бетіне түсуіне ықпал етеді, бұл оның концентрациясының жоғарылауына алып келеді. Сонымен қатар, суық кезеңдегі жауын-шашын мен дымқыл тұнба аэрозольдердің шаюына себеп болып, ^7Be деңгейін төмендетеді. Осыған орай, ^7Be -ні бақылау ауа массаларының динамикасы мен тропосфера мен стратосфера арасындағы алмасу үдерістерінің индикаторы ретінде қолданылуы мүмкін, сондай-ақ PM2.5 ластануының маусымдық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

PM2.5 көздерін анықтауға арналған ^7Be қолданылуы

^7Be өзінің ғарыштық (космогенді) табиғатына және антропогендік көздерінің болмауына байланысты PM2.5 аэрозольдерінің шығу тегі мен тасымалдану жолдарын бағалауға арналған табиғи маркер ретінде қызмет ете алады. Техногендік ластағыштардан, мысалы, цезий-137 (^{137}Cs) немесе қорғасын-210 (^{210}Pb) айырмашылығы – олар жергілікті өнеркәсіптік шығарындылар нәтижесінде жиналуы мүмкін, ал ^7Be ауа массаларының жаһандық және аймақтық тасымалдану үдерістерін көрсетеді. ^{137}Cs және ^{210}Pb -пен салыстыру кезінде ^7Be жаңа аэрозольдер үшін индикатор ретінде артықшылыққа ие, себебі оның жартылай ыдырау кезеңі 53,3 күнді құрайды, бұл атмосферада қысқа уақыт сақталатын аэрозольдерді бақылауға мүмкіндік береді. Ал ^{210}Pb жартылай ыдырау уақыты шамамен 22 жыл болғандықтан, ол ластағыштардың ұзақ мерзімді жиналуын және жергілікті шығарындыларды бағалауға жақсырақ жарайды. Осыған байланысты ^7Be трансшекаралық PM2.5 тасымалын анықтауға, сондай-ақ аэрозольдердің конденсация және коагуляция сияқты екінші реттік түзілу үдерістерін бағалауға арналған тиімді құрал бола алады. Бұл, әсіресе, өнеркәсіп қарқынды дамып жатқан және күрделі географиясы бар Қазақстан аймағы үшін маңызды. Яғни уақытылы көрсеткіштердің алынуы да маңызды, 4-суретте ҚР ауданында атмосфералық ауаның өзгерісін бақылайтын елді мекендердің орналасу орындары көрсетілген.



Сурет 4. Қазақстан Республикасының аумағында атмосфералық ауаның жай-күйін бақылайтын елді мекендердің орналасу схемасы

Ескерту: деректер негізінде құрастырылған [22]

Анықталған заңдылықтардың денсаулық пен қоршаған ортаға төнетін қауіптерді бағалауға әсері

PM_{2.5} құрамындағы ⁷Be-нің кеңістіктік-уақыттық үрдістерін түсіну экологиялық және санитарлық қауіптерді бағалау үшін тікелей маңызға ие. Себебі PM_{2.5} – тыныс алу және жүрек-қантамыр жүйесіне әсер ету тұрғысынан аэрозольдердің ең қауіпті фракцияларының бірі болып табылады. Осы бөлшектердің көздері мен таралу жолдарын білу ластануды азайтуға бағытталған неғұрлым тиімді шараларды әзірлеуге мүмкіндік береді. Қазақстан мен көршілес өңірлер бойынша деректер PM_{2.5} концентрацияларының жиі нормадан асып түсетінін көрсетеді, бұл экстремалды ластану жағдайларымен расталады. ⁷Be-ні индикатор ретінде пайдалану аймақтық және трансшекаралық көздердің үлесін нақтылауға мүмкіндік береді, бұл ауа сапасын жақсарту мен халықтың денсаулығын қорғауға бағытталған ұлттық бағдарламаларды әзірлеу үшін маңызды.

Халықаралық зерттеулермен салыстыру және жаһандық пен аймақтық ерекшеліктерді анықтау

